

MDU” BAQYTTY BALA” балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: “1” қазан 2024 жыл

Уақыты: 13.30

Өткізілген орны: Музыка залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері (тізім бойынша 5 адам), МДҰ меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен (№56 бұйрық) танысу және өткен оқу жылының есебін тыңдау.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру және бекіту.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
4. Ерікті жарналар мен қайырымдылық қаражатын пайдалану бағыттарын айқындау.
5. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы маусымға дайындау жұмыстарын талқылау.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңес төрайымы жиынды ашып, оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен енгізілген өзгерістер туралы хабардар етті. Қағидаларға сәйкес кеңес жұмысының ашықтығы мен есептілігі басты назарда екенін атап өтті. Сонымен қатар, алдыңғы оқу жылының атқарылған жұмыстардың есебі берілді.

2 ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес құрамына жаңа мүшелерді қабылдау және төрағаны, хатшыны сайлау мәселесі қаралды. Дауыс беру нәтижесінде кеңес құрамы бекітілді.

3 ТЫҢДАЛДЫ:

2024-2025 оқу жылына арналған 4 бөлімнен тұратын жұмыс жоспары таныстырлды. Жоспарға сәйкес тоқсан сайынғы жиналыстар, “Жасыл табиғат”, “Эко десант” акциялары, тамақтану сапасын бақылау және қайырымдылық шаралары енгізілген.

4 ТЫҢДАЛДЫ:

МДҰ бухгалтері, төрайымы ерікті жарналардың тек арнайы есепшотқа түсетінін және олардың балабақшаның материалдық - техникалық базасын нығайтуға (ойыншықтар, жөндеу, құрал-жабдықтар) жұмсалып тұратынын түсіндірді.

5 ТЫҢДАЛДЫ:

МДҰ меңгерушісі А.Б.Өмірғалиева балабақшаның қысқы жылыту маусымына дайындығы, терезелер мен есіктерді оқшаулау жұмыстары туралы баяндады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қамқоршылық кеңестің алдыңғы оқу жылындағы жұмысы “қанағаттанарлық” деп танылсын.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін.
3. Ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін және орындауға алынсын
4. Қайырымдылық қаражатын жұмсау бойынша тоқсан сайын МДҰ сайтында есеп жариялап отыру міндеттелсін.
5. МДҰ-ны қысқы кезеңге дайындау бойынша атқарылған жұмыстар ескерілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы



MDU” BAQYTTY BALA” балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысының
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: “2” желтоқсан 2024 жыл

Уақыты: 13.30

Өткізілген орны: МДҰ Музыка залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, МДҰ әкімшілігі, бракераждық комиссия мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың тамақтану сапасын бақылау (бракераждық комиссияның есебі)
2. “Жасыл табиғат” акциясы мен “ Эко - десант” экологиялық іс-шарасының қорытындыларын талқылау.
3. Қамқоршылық кеңестің 1 жартыжылдықта атқарған жұмыстары бойынша есебін тыңдау.
4. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Бракераждық комиссия өкілі балабақшадағы тағам сапасы мен асхананың санитарлық жағдайы туралы баяндады. Өнімдердің сақталу мерзімі мен мәзірдің бекітілген нормаларға сәйкестігі тексерілгені хабарланды.

Сұрақ қойды: Ата-аналар өкілі сүт өнімдерінің жеткізілуі туралы сұрады.

Жауап берілді: Барлық өнімдер сертификатталған және мерзімінде жеткізіледі.

2 ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері күз айларында өткен “Жасыл табиғат” және “Эко-десант” акцияларының нәтижесін қарады. Балабақша ауласын тазалау және көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс білдірді.

3 ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңес төрағасы 1 жартыжылдық бойынша (қыркүйек-желтоқсан) қаржылық есеп берді. Қайырымдылық қаражатының қайда жұмсалғаны және жоспарланған іс-шараалардың орындау барысы таныстырылды.

4 ТЫҢДАЛДЫ:

МДҰ меңгерушісі алдағы Жаңа жылдық ертеңгіліктердің кестесімен таныстырды. Кеңес мүшелері мерекелік безендіру мен балаларға сыйлықтар дайындау мәселесін талқылады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Балалардың тамақтану сапасы “қанағаттанарлық” деп танылсын. Тамақ сапасын бақылау тұрақты түрде жалғастырылмын.
2. Экологиялық акцияларға қатысқан белсенді ата-аналарды марапаттау ұсынылсын.
3. 1 жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыс есебі бекітілсін және ақпарат балабақшаны ресми сайтында жариялансын.
4. Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға жан-жақты қолдау көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



MDU” BAQYTTY BALA” балабақшасы Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: “4” наурыз 2025 жыл

Уақыты: 13.30

Өткізілген орны: МДҰ Музыка залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі, ата-аналар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Наурыз мейрамына арналған “Қайырымдылық керуені” акциясын ұйымдастыру және өткізу.
2. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету мәселесін қарау.
3. Көктемгі көгалдандыру және балабақша ауласын абаттандыру жұмыстарын жоспарлау.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен мекеменің санитарлық - гигиеналық жағдайын тексеру қорытындысы.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Наурыз мерекесі аясында өтетін “Қайырымдылық керуені” іс-шарасының маңыздылығын атап өтті. Іс-шара барысында ұлттық құндылықтарды нсихаттау және мұқтаж жандарға қол ұшын созу мәселелері талқыланды.

2 ТЫҢДАЛДЫ:

МДҰ әкімшілігі балабақшадағы әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың тізімін ұсынды. Кеңес мүшелері демеушілер мен ерікті жарналар есебінен осы балаларға мерекелік сыйлықтар мен қажетті құралдар алу мүмкіндігін қарастырды.

3 ТЫҢДАЛДЫ:

Шаруашылық меңгерушісі көктемгі абаттандыру жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Аулаға гүл егу, ағаштарды әктеу және ойын алаңқайларын сырлау жұмыстарына ата-аналар қауымдастығын тарту туралы шешім қабылданды.

4 ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері топтардағы балалардың қауіпсіздігі (жиһаздардың бекітілуі, ойыншықтардың сапасы) және тазалық деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерін талқылады. Ескертулер мен ұсыныстар айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. “Қайырымдылық керуені” акциясы бекітілген сценарий бойынша өткізілсін.
2. Тізімге сәйкес көмекке мұқтаж отбасыларға нақты әлеуметтік қолдау көрсетілсін.
3. “Таза аула” сенбілігін өткізу күні белгіленіп, қажетті құрал - саймандар (бояу, гүл көшеттері) дайындалсын.
4. Анықталған ұсақ кемшіліктерді жою үшін МДҰ әкімшілігіне бір апта уақыт берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы



А.Б.Өміргалиева

Хатшы

А.Ж.Бақыт

**MDU” BAQYTTY BALA” балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: “5” мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.30

Өткізілген орны: МДҰ Музыка залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, МДҰ меңгерушісі,
ата-аналар комитеті.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстары туралы қорытынды есеп.
2. Жыл бойына жиналған демеушілік және қайырымдылық қаражаттың жұмсалуды туралы қаржылық есеп (есепшінің баяндамасы)
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық және балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын талқылау.
4. Мектепке дейінгі ұйымның келесі оқу жылына арналған даму стратегиясына ұсыныстар енгізу.

1 ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңес төрағасы оқу жылы ішінде атқарылған негізгі іс-шараларға тоқталды. Ол жоспарланған 4 отырыстың толық өткізілгенін, тамақ сапасын бақылау, “Эко-десант”, “Қайырымдылық керуені” акцияларының сәтті өткенін атап өтті.

2 ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша есепшісі (немесе кеңес хатшысы) жылдық қаржылық есепті ұсынды. Ерікті жарналар есебінен алынған и құрал-жабдықтар, ойын алаңқайын жөндеу және мерекелік шараларға жұмсалған шығындар бойынша мәлімет берілді. Қаражаттың мақсатты жұмсалуды тексеріліп, заң бұзушылықтар анықталмағандығы айтылды.

3 ТЫҢДАЛДЫ:

МДҰ меңгерушісі жазғы кезеңде балалардың бос уақытын ұйымдастыру және балабақша ғимаратының ішкі-сыртқы жөндеу жұмыстары (сырлау, әктеу, техникалық тексеру) бойынша жоспармен бөлісті. Ата-аналар тарапынан жөндеу жұмыстарына көмек көрмету мүмкіндіктері талқыланды.

4 ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері келесі оқу жылында балабақшаның материалдық базасын жақсарту (

Мысалы, жаңа ойын элементтерін орнату немесе бейнебақылау жүйесін жаңарту) бойынша өз жұмыстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылындағы жұмысы “жақсы” деп танылсын.
2. Жылдық қаржылық есеп бекітілсін және ашықтықты қамтамасыз ету үшін ата-аналардың назарына (сайтқа, чаттарға) жеткізілсін.

